

Майғазиев Сәкен Қордабайұлы
6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі
қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар
(этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығы негізінде)» атты
диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Зерттеу тақырыбының өзектілігі, ізденушінің өзіндік зерттеу әдістері. Бұгінгі таңда қоғамдағы саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістер мен жаңғырулар ел құндылықтарының дамуына өзіндік әсерін тигізуде. Қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарын жаңа қоғамдық қатынастар талabyна бейімдеу, оны қоғам өмірінің рухани өзегіне айналдыру тек философиялық, дүниетанымдық мәселе ғана емес, сонымен бірге мәдени маңызы да зор. Докторант Сәкен Майғазиев қазақ мәдениетіндегі рухани құндылықтардың бірі – этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығының жанrlары мен стильдерін арнайы қарастыру, бұл құбылыстың мәнін, даму үдерістерін қабылданап бағалау, қоғам қажетіне қарай талдау, түсіндіру және толтау мәдени-философиялық маңызы ауқымдалып келе жатқан дүние екенін сөзге тиек ете келе, **«Қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар (этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығы негізінде)»** атты диссертациясында ықылым заманнан бері қалыптасып, отаршылық ғасырлар мен Кеңестік заманның қуәгері болған көшпендейлердің көне фольклоры мен кәсіпқой өнері Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғалы тендессіз қазына ретінде сақталып, қарыштап даму тенденциялары сүзгіден өткізген. Докторант заманауи қазақ этнофольклорлық музыкасын танып-білу үшін сол ұлттың ғасырлар бойы жинаған, тарих сындарынан сүрінбей халықпен бірге жасасып келе жатқан, оның ұлттық бет-әлпеті мен нышаның өзгеден айрықша етіп көрсететін салт-санасы, дәстүрі, фольклоры, ауыз әдебиетін саралаған, оған қосымша кеңестік дәүірдегі жазылған шығармалар мен гылыми мақалаларға назар аударған, сондай-ақ қазіргі заман түрғысынан дискурстық анализ жасай білген.

Гылыми нәтижелердің негізделу деңгейі, гылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы. Диссертациялық зерттеу әрі теориялық түрғыда, әрі практикалық аспектіде күрделі де, құрамды жұмыс деп айтуга толық негіз бар. Қазіргі заманғы этнофольклорлық музыканың қайнар көзі түркілік және қазақи өнерде жатқандығы, ол қанша түрленіп, этнорок, этнопоп кейпіне енсе де, дәстүрлі музыкаға тән сипаттан арылмайтындыға тайға таңба басқандай айшықталған. Этнофольклорлық ансамбльдер репертуарына терең талдау жасалып, жекелеген туындыларға тән өңдеулерге, соның ішінде домбыра пицикатосы мен сым қобыз унисоны, классикалық орындаудан өзгешеленетін дербес контрастілі ауытқулар, әуеннің жекелеген интонациялары түрлі аспаптарда имитациялық қайталанып, кокофониялық

дыбыстар тізбегін құрайтындығы, дәстүрлі музика мен заманауи этнофольклорлық музыканы ерекшелейтін түрлі параметрлер анықталған. Этнофольклорлық ансамбльдерге тұңғыш рет типология жасалып, оларды полиэтникалық құрамдағы және моноэтникалық құрамдағы ансамбльдер деп жіктеу ұсынылды. Меніңше, бұл жұмыс монография ретінде жарық көріп, музыкатану, өнертану, сондай-ақ музикалық аспаптар мен эстрадалық вокал дәрістерін жүргізу кезінде оқулық есебінде пайдаға аса алады.

Ізденушінің қөзқарасы, ғылыми зерттеу әдістерін қолдана білуі.

Ізденуші тарапынан бірнеше гипотеза жасалған. Соның бірі – Қазақстанның этнофольклорлық бағыттағы эстрадалық ансамбльдерінің өнері көне заманнан сақталған жәдігерлерден бастау алып, өз музикалық тілі мен келбеті бар көркем құбылысқа айнала алды деген гипотезасы толығымен дәлелденеді. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы осы сала бойынша әртүрлі әлемдік және отандық ізденистердің жаңалықтарына сүйеніп, этнофольклорлық музыканың қайнар көздеріне терендей тұжырым жасап, оларды жаңаша тұрғыдан сараптауды көздейді. Зерттеу жұмысының барысында тарихи, семиотикалық, герменевтикалық, компаративистік, констеляциялық, аудио-визуалды және дискурс-анализ әдістерін ұтымды пайдаланған.

Докторант ұсыныстары мен шешімдерінің зерттелу деңгейі және алынған нәтижелердің дұрыстығы. Ғылыми жұмыстың теориялық аспектілері музыкатану, этномузыкатану, мәдениеттану, философия, филология, тарих және өзге де гуманитарлық ғылым салаларын қамтыған. Диссертациялық зерттеу еңбегінің тақырыбы төнірегінде қазақстандық және шетелдік ғалымдардың, атап айтқанда М.Әуезов, М.Жармұхамедұлы, С.Қасқабасов, Е.Ысмайлов, Р.Бердібай, Н.Келімбетов, Ш. Гуллыев, Қ. Дюшалиев, Ф. Караматов, Б.Асағьев, А.Сохор, И.Земцовский, И.Мациевский, Б.Г.Ерзакович, Б.И.Қарақұлов, З.Қоспақов, С.Күзембаева, Б.Қоқымбаева, Д.Амирова, А.Бұлтбаева, З.Касимова, А.Жұбанов, П.В.Аравин, Б.Аманов, А.Мұхамбетова, Т.Бекхожина, С.Аманова, С.Өтегалиева, Г.Омарова, С.Елеманова, П.Шегебаев, Б.Мұптекеев, М.Гамарник, Р.Несипбай, Е.Үсенбаев, А.Байбек, А.Бердібай, О.В.Всеолодская Голушкевич, Ә.Марғұлан, З.Наурызбаева, Б.Абылқасымов, Ж.Бадраа, Л.Халтаева, Х.Ихтисамов еңбектеріне сүйеніп, қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығына байланысты жаңа ойлар мен құнды пікірлер айтылған. Қазақстандағы полиэтникалық және моноэтникалық аспаптардан құралған этнофольклорлық ансамбльдердің стильдік ерекшеліктері мен функциялық генезисін нақтыладап, эволюциясын жүйелеу, стильдік ерекшеліктерін анықтау, ансамбльдер шығармашылығындағы көркемдік бейнелерді сипатталып, репертуарындағы туындылар жан-жақты сараланып, идеологиялық маңызы бар шешімдер жасалған.

Жұмыстың практикалық аспектісі заманауи мәдениеттің дамуы мен шетелге танылуына зор үлесін қосып жүрген «The Magic of Nomads», «Қоңыр», «Тұран», «МузАРТ» ансамбльдерінің шығармашылығын егжей-

Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама. С.К.Майғазиев диссертациялық жұмысының негізгі қағидалары, нәтежиelerі, тұжырымдары мен қорытындысы аprobациямен дәлелденген. Олардың ішінде 3 мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміне енген ғылыми басылымдарында, 5 мақала халықаралық конференция материалдарының жинағында, 1 мақала Scopus базасына кіретін журналдардың бірінде жарияланған.

Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктер
Диссертациялық жұмыстың жоғарыда атап өтілген жетістіктері мен табыстарын мойындай отырып, ондағы кейбір кемшіліктерді де атап өтуге болады. Диссертациялық жұмыстың категориялық аппаратын шындаі тусу қажет және ғылыми жұмыс жазу барысында пайдаланған, жаңадан енген неологизмдерге толығырақ анықтама беріп өткен жөн деп санаймын. Ауызекі тілде түсінікті сөздер болғанымен, ғылыми ортада ол негіzsіз болмауы қажет. Олардың көбі стилистика мен грамматикаға байланысты. Мәселен, мәтіннің ішінде кейбір сөйлемдер өте ұзын етіліп құрастырылған және грамматикалық қателіктерге орын берілген.

Алайда жоғарыда көрсетілген ұсыныстар мен кемшіліктер қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың зерттелу дәрежесіне, мазмұндылығына, тұтастай алғандағы ғылыми маңыздылығы мен құндылығына ешқандай нүқсан келтірмейді.

Диссертация мазмұнының ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі. Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыс ғылыми жағынан өзекті, жұмыстың анық және негізделген ғылыми нәтижелері бар, ол ізденушінің күрделі теориялық мәселелерді шешуде өзіндік жоғарғы деңгейдегі кәсібілігін көрсетеді. Майгазиев С.Қ. диссертациялық жұмысы толық аяқталған және қазақстандық өнертану ғылымына өзіндік үлес қосады деп айтуға болады.

Сондықтан, «Қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар (этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығы негізінде)» тақырыбындағы диссертация Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2 бөлімінің талаптарына толық сәйкес келеді, оның авторы Майгазиев Сәкен Кордабайұлы №6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша PhD докторы атағына лайық дей есептеймін.

Мухитденова Багым Максатовна,
PhD докторы,

Т.К. Жұргенов атындағы КҮО академиясының
эстрадалық өнер факультетінің
деканы

bugolya_studio@mail.ru